

3. Экономика сельского хозяйства: учебник / Н.Я. Коваленко, Ю.И. Агирбов, Н.А. Серова и др. – М.: ЮРКНИГА, 2004 – 384 с.
4. Н.А. Попов. Экономика сельскохозяйственного производства с основами рыночной агроэкономики и сельского предпринимательства: учебник / Н.А. Попов. – М.: Ассоциация авторов и издателей ТАНДЕМ; Изд – во ЭКМОС, 1999. – 352 с.
5. Н.А. Попов. Предпринимательство в АПК: учебник / Н.А. Попов, В.Р. Захарьин, Н.П. Карпусь, В.Ф. Федоренко. – М.: Ассоциация авторов и издателей ТАНДЕМ; Изд – во ЭКМОС, 2001. – 352 с.
6. Аграрная экономика: учебник / М.Н.Малыш. – Изд. 2 – е, переб. и доп. – СПб.: Изд – во «Лань», 2002. – 668 с.
7. Э.Я. Шейнин. Предпринимательство и бизнес: учебное пособие / Э.Я. Шейнин. – Ростов н/Д: «Феникс», 2002. – 352 с.

### ӘОЖ 494.3

## ТІЛ БІРЛІКТЕРІН ЖАҒДАЯТТАР АРҚЫЛЫ ҮЙРЕТУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Қошанова Ж.Т.

(қазақ тілі кафедрасының доценті, М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл қ.)

#### Аңдатпа

Мақалада қазақ тілін оқытуда тілдік құрылымдарды пайдаланудың мәселесі қарастырылады. Жұмыста тілдік құрылымдар негізінде студенттердің сөйлеу дағдысын қалыптастыруға бағытталған жағдаяттық тапсырмалар ұсынылады.

**Түйінді сөздер:** тілдік құрылымдар, әдістеме, жағдаят, сөйлесім, сөйлеу дағдысы.

#### Аннотация

Статья посвящена изучению проблемы использования языковых единиц и их роли в преподавании казахского языка. В ней предлагается система ситуативных заданий, а также набор языковых единиц, направленных на развитие речи студентов.

**Ключевые слова:** языковые единицы, методика, ситуативные навыки, говорение, развитие речи.

#### Annotation

The article is devoted to the study of the problem of using linguistic units and their role in teaching the Kazakh language. It offers a system of situational tasks, as well as a set of language units aimed at developing the speech of students.

**Key words:** language units, methodology, situational skills, speaking, development of speech.

#### Кіріспе

Студенттердің бойында терең біліммен қатар сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда, сөздік қорларын арттыруда оқытушының атқарар рөлі зор. Осыған орай әр оқытушы студенттердің сөйлеу мәдениетін, пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында сабақта түрлі көрнекіліктерді, ойын элементтерін, техникалық құрал – жабдықтарды немесе кітап оқуды пайдалану арқылы сабақ мазмұнын түрлендіріп отыруы тиіс. Осы мақсатта сабақтарымызда тілдік көркемдеу, бейнелеу тәсілдерін кеңінен қолданамыз. Алайда тәжірибемде байқағаным тіл бірліктерін жаттаумен ғана шектелген жағдайда оң нәтиже бере қоймайды. Сол себепті өз тәжірибемде жағдаяттар арқылы беруді кеңінен қолданамын.

Мәселен, белгілі бір жағдаятқа байланысты орынды айтылған немесе қолданылған тілдік құрылымдар студенттердің ой өрісі мен сөйлеу мәдениетінің деңгейін арттырады. Және дұрыс таңдалған, сондай – ақ жатталған тілдік құрылымдар

студенттердің тілін байытып, олардың дүние – танымын кеңейтіп, тақырыпты анықтай түсіп, жүйеге түсіретіні белгілі болды.

Сөзім дәлелді болу үшін, мысалы *Құлдай істеп, бидей ішті* – «жұмыста аянбай істеп, зейнетін көрді немесе ерінбей еңбек етіп, тіленбей ас ішті» деген мағынада қолданылатын тілдік бірлікті қолдана отырып, жағдаятты ашу. *Жағдаят*: Бір топта оқитын екі дос еңбек және еңбектің пайдасы жайында екеуара әңгімелеседі, одан ары әңгіме өздерінің сенбі – жексенбіні және әке – шешелерінің «Еңбек демалыстарын» қалай өткізетіні жайына өрбіді. *Бірінші достың* айтуына қарағанда ол демалыс күндері мейрамханада жұмыс істеп, өзін қаражат жағынан қамтамасыз етеді екен, ал оның ата – аналары кезекті демалыстарын бау – бақшада жұмыс істеп, қысқы азықтарын қамдайды екен. *Екінші дос* демалыс күндері достарымен кездесіп, тынығумен өткізетін болса, ал ата – аналары да өз демалыстарын саяхатпен, басқа елдерге, туыскандарға барумен өткізеді. Тапсырма: сіздің ойыңызша қай достың және ата – аналардың істері дұрыс? Осы жағдаятқа байланысты пікір таластырыңыздар.

*Жағдаят*: «Жеке кәсіпкерлік», «Шағын және орта бизнес», «Іскер адамдар» тақырыбы бойынша «*қағанағы қарқ, сағанағы сарқ*», «*сауырынан бит домалаған*», «*ит басына іркіт төгілгендей*» деген тілдік құралдардың мағынасы айналасында екі топқа бөлініп дебат сайысын өткізу. Бір топ жағымды жағын, екінші топ жағымсыз жағын дәлелдеу.

Жалпы «Тенеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілерінің негізінде бір затты екінші бір затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелік, көркемдік, эмоционалды – экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» деп ой түйіндейді А.Байтұрсынов өзінің еңбегінде. [1,7 – б.].

Келтірілген тұжырымдарды дәлелдей түссек, көркем мәтінге лингвистикалық талдау жасаған Р. Сыздық, Б. Шалабай, А. Әділова тілдік бірліктер туралы былай дейді: «Эпитеттер жай қолданылмай, суреттеліп отырған жайдың мәнін аша түсу үшін пайдаланылады. Эпитеттердің әсіресе кейіпкердің портретін жасаудағы қызметі айрықша. Олар кейіпкерлердің сын – сипатын бейнелей отырып, оның мінезіндегі ерекше бір жайды, жағымды – жағымсыз қасиетін не әлеуметтік иерархияда алатын орнын дәл байқатады». [3, 100 – б.].

Ұсынылып отырған көркемдегіш құралдар тілді меңгертетін, сөздік қорын байытатын және жағдаяттық тапсырмалар арқылы сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың жүйесіне ыңғайластырылып жасалып беріліп отыр, яғни қолданылу мақсатына қарай бірнеше түрге бөлу мүмкіндіктері арқылы студент білімі мен тәжірибесіне пайдалана отырып, жеке немесе топпен белгілі бір мақсатқа жете алады. Сондықтан төменде сабақ барысында қарастырып, тәжірибеде қолданып келе жатқан тілдік құрылымдардың кешенді топтастырылуын назарларыңызға ұсынамын.

1. Байлықты, бақыттылықты білдіретін теңеулер: *Сауырынан бит домалаған «ауқатты, бай, семіз»* деген мағынада. Мысалы: *Зарды көп естіп, көп ішіп, көп талмаған соң да сауырынан бит домалап жүрген Бабатаның ту өңірі Әбекеңнің құсасын қайтсін, тұншыққанын қайтсін* (А. Сүлейменов). *Ит басына іркіт төгілгендей* – «ішкені алдында, ішпегені артында, ағыл – тегіл, молшылық» мағынасында. Мысалы, *Молшылық дегеніңізде есеп жоқ, ит басына іркіт төгілгендей* (Ғ. Мұстафин). *Бағандай* – «бағлан тәрізді». Мысалы, *Қабанбай мені бірден бағандай – ақ көтеріп ұрып, қол – аяғымды матап тастады* (С. Камалов). *Үйректей жүзіп, қаздай қалқыды* – «өмірдің қызығын көрді, шаттықта өмір сүрді» мағынасында. Мысалы, *рақат өмірде қаздай қалқып, үйректей жүзіп жүрміз, міне*.

2. *Екі қошқардың басы бір қазанға сыймас* – әлеуметтік дәрежесі, салмағы бірдей екі мықты адамның бір жерде, бір ортада сыйыса алмауына байланысты туған мәтел. Оның негізінде қазақ өміріндегі нақты этникалық салт жатқан сияқты. Қазақ қашанда бір қазанда екі қошқардың басын аспаған, бір табаққа екі бас салмаған, яғни бір отырыста қонақтарға екі бас тартпаған. Нақты өмірден алынған осы тұрмыстық салт кейін ауыспалы мағынада бейнелі түрде қоғамдық – әлеуметтік сипат алып, дәрежесі мықты, күштілерді меңзеп айтылатын болған. Ал дәрежесі мықты, күшті деп қарапайым халық қандай да бір үстем тап өкілін, ел билеушілерді айтатын болған. Мәтелдің стильдік – экспрессивтік мәні өте жоғары. Онда мықтылардың бақталастығы, бір – бірімен сыйыса алмауы, бірін – бірі көре алмауы сияқты жағымсыз сипаты қарапайым тұрмыстық құбылыс арқылы шебер берілген.

3. *Тырнадан жасауыл қойсаң, басыңнан қиқу кетпес*. Әпербақан, ұрда жық үстемдік өкілінің жұртқа маза, тыныштық бермеуін меңзеп білдіретін мақал. Мақалда халық тіліндегі бірнеше түсінік бір – бірімен ұштасып жатыр: *қиқу салды* фразеологизмі «дабыл қақты, шу көтерді, аттанға басты» мағынасын береді [1, 338 – б.]. Табиғатта *қиқу салу* тырнаға байланысты айтылады. *Жасауылдың (есауылдың) анықтамасы: 1. Әскер басының оң қолы, шабарман. 2. Казак әскеріндегі әскери шен. Халық түсінігінде жасауыл шаш десе бас алатын, есерсоқ, жауыз адам. Жаманды жасауыл қойса, жалғыз ұлының көзін шығарады* деген де мақал қалған [4, с. 290]. Осындай әртүрлі түсініктегі сөздер бір – бірімен ассоциялық байланысқа түсіп, мазасыздық тудыратын, тыныштық бермейтін жайтты бейнелі түрде білдіріп тұр. Мақалдың стильдік – экспрессивтік сипаты оның құрамындағы *басыңнан қиқу кетпес* тұрақты тіркесінен, *тырнадан жасауыл қойсаң* еркін тіркесімен бейнеленіп, тұспалдап берілуінен байқалатын сияқты.

4. *Тапқаны тамағынан, жұтқаны жұмырынан артылмайды* – халық тілінде жиі айтылған, қазірде айтылатын, жоқшылықты білдіретін ақпараттық фразеологизм. *Ол ақшаны табушы мына малайлардың тапқаны тамағынан, жұтқаны жұмырынан артылмайды* (Ғ. Мұстафин). І. Кеңесбаев бұл фразеологизмнің мағынасын «табысы ішкен – жегенінен артпайды» деп түсіндірген [67, 494 б.]. Бірақ осы мағынаны беретін фразеологизм эмоционалды – экспрессивтік тұрғыда аса айқын стильдік қызмет атқарып тұр. Оның құрамында *тапқаны тамағынан, жұтқаны жұмырығынан* деген есімшелі зат есімдік екі тіркес және екеуіне ортақ ойды тиянақтаушы *артылмайды* деген бір баяндауыш бар. Фразеологизмнің эмоционалды – экспрессивтік мәнін күшейтіп тұрған осындағы *тапқаны тамағынан, жұтқаны жұмырынан* дегендегі *т – т, ж – ж* аллитерациялық дыбыстық үйлесімдер. Сөздік құрамы жағынан алғанда фразеологизм даму барысында көп мағыналы сипат алған *тап, тамақ, жұт, жұмыр, артпайды* сөздерінің негізгі лексикалық мағыналарынан жасалған.

5. Бірқатар ақпараттық фразеологизмдер айшықтап, бейнелеп бақ – дәулетті, байлықты білдіреді. Мысалы: аузынан ақ май ақты; кекірік атты; басынан құс ұшпады; бақ – дәулеті шалқыды; деміне нан пісті; мұртын балта шаппады; танауымен көк тіреді; ит басына іркіт төгілген; ен байлық; ен дәулет; еңсесі биік ақ орда; қағанағы қарқ, сағанағы сарқ болды; үлде мен бұлдеге оранды; шен алып, шекпен киді т.б.

6. Дәулетті, бай болған адамдардың мінезіне, психологиясына байланысты айшықты экспрессивтік ақпараттық фразеологизмдерге мысал: *кердең қақты; көзге ілмеді; көзінің еті өсті; көкірек керді; құдайын ұмытты; мейманасы тасыды; мұрнын көкке көтерді; басынан құс ұшырмады; астамшылық жасады; көкірегін керді; ұртын көптірді; ханға сәлем бермеді; шекесінен қарады; көзіне шел бітті; шайқап төгіп, үріп ішті; баса көктеді; деміне нан пісті; дүниеге көзі тоймады; дүниені шайқап өтті* т.б.

7. Кедейлікті білдіретін теңеулер: *Мойны ырғайдай, биті торғайдай* – «әбден азып – тозған, жүдеген» мағынасында. Мысалы, *Мойны ырғайдай, биті торғайдай, көзі шүңірейіп азып қалды – ау, сабазым* (Ә. Тарази). *Арқасына аяздай батты* – «қатты тарығушылық көрді, азап шекті, жанына батты» мағынасында. Мысалы: *Біз болыстың айласы мен салмағы арқамызға аяздай біткен елміз* (М. Әуезов). *Халық бір кезде шапқыншылықтан көрген қорлығын, арқасына аяздай батқан ауыртпалық күндерін, ашулы кегін ұмытпайды* (М. Ғабдуллин).

8. Үстемдік, озбырлықты білдіретін теңеулер. *Аюдай ақырды* – «үстемдік жүргізеді, айқай салды» мағынасында. Мысалы: *Болыстың шабарманы аюдай ақырып, ежіреңдеп, қырып жібере жаздады* (Диал. Сөздік). *Сырық ойнатып, сырмағын жүндей түтті* – «шауып алды, ойрандады» мағынасында. Мысалы: *Бері көш десе, ары көшкен ауылдардың басына хан нөкерлері сырық ойнатып, сырмағын жүндей емес пе?* (І. Есенберлин). *Сүліктей сорды* – «аяусыз қанады» мағынасында. Мысалы: *Бай, патша, би, болыстар сүліктей сорып ел қанын* («Халық ақындары»). *Жемтікке қонған күшігендей* – «ел ырысын шайқап жеген жемқорлар» туралы. Мысалы: *Ауылдың атқа мінері Жемтікке қонған күшіген. Өзі тойса, мәз болды, Ел іргесін сақтамай* (Дулат).

9. Лауазымдықты білдіретін теңеулер. *Мүйізі қарағайдай* – «дәрежесі жоғары» мағынасында. Мысалы: *Сен қайда оқығансың? Мүйізі қарағайдай жуан молда да, қызыл молда да басқа үйде отырып – ақ куәлерден сұратып оқи беретін деп, ал келіп дуылдасты* (С. Торайғыров). *Наушаруандай әділ* – «қара қылды қақ бөлген әділ» арақалыс төреші» мағынасында. Мысалы: *Көктемеген Еділді айт, Қара қылды қақ жарған, Наушаруандай әділді айт* (Бұқар жырау). Наушаруан – Иранның 6 – ғасырда жасаған билеушісі Хосрав I Ануширванның кейінгі дәуір әдебиетіндегі – араб, парсы, шағатай әдеби шығармаларында Атымтай Жомарт сияқты дәрежеде аңызға айналған, әділдік өлшемі ретінде бейнеленетін дара тұлға. [2, 404 – б.] *Абылайдай айбатты* – «Абылай сияқты айбынды, айбарлы» деген мағынада. Мысалы: *Абылайдай айбатты елбасым бар, Кең байтақ елім бар, Шалқып жатқан байлығым бар ...* («Айтыс»).

10. Сараңдықты білдіретін мақал – мәтелдер. *Сараңға Сырдың суы да жетпейді* – «Ешкімге ешнәрсе бермейтін, қолы тар, сараң» ұғымын гипербола тәсілімен ауыс түрде ұлғайтып айтудан туған мақал. Заттанған сын есім *сараңға Сырдың суы жетпейді* – деу арқылы сараңдықтың мейлінше қарау, қатты, қытымыр бейнесі сипатталып тұр. Мақалдың көркемділігі, әсерлілігі оның құрамындағы сөздердің аллитерациялық дыбыс үйлесімінен туып тұр.

11. *Берместің үйінде бесті қымыз тұрады* – сараңдық, қол тарлық ұғымын қазақтың тұрмыс салтында жалпыға белгілі тағам атауымен байланыстыру арқылы туып тұрған мақал. Қазақ ұғымында *бесті* сөзі көбінесе малға байланысты айтылып, қашанда мал түрінің кемеліне келгенін, толып – жетілгенін, күш – қуаты молайғанын білдіреді: *бесті жылқы, бесті айғыр, бесті бие, бесті бұқа* т.б. Осы қатардағы *бесті қымыз* сөзі «бес күн сақталып, әбден бабына келген қымыз» ұғымын береді.

Болымсыздық мәндегі *берме* етістігіне *с* жұрнағының жалғануы арқылы туған, ауыс мағынада заттық сипат алған *бермес* сөзі *сараң, қытымыр, қатты* сөздерімен синонимдес болып келеді. Міне, осы *берместің үйі* деген еркін тіркестің *бесті қымыз* деген күрделі атаумен (І.Кеңесбаев оны фразеологизмге жатқызады [1]) тіркесіп, аллитерациялық дыбыс үйлесімін (б – б) тудырып, тартымды, әсерлі әрі көркем стильдік экспрессия жасалып тұр. Қымызды сақтаудың бұрынғы замандағы технологиясы бойынша қымыз бес күннен кейін бұзылып, ескіруі мүмкін. Сондай жағдайда оны ешкімге бермеу сараңдықтың асқан түрі деуге болады. Сараңдыққа байланысты осы тәріздес мақалдарға *Сараң да бір, сасық су да бір. Сараң иттен*

*сорпасын да қызғанады. Қарау адам – нәпсінің құлы. Қарау адам күншіл, мекер адам міншіл* т.б. жатқызуға болады.

12. Кедейлік, жоқшылыққа қатысты осы тәріздес мақалдарға *Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кеткес. Аштың ақылы тамағында, жаяудың ақылы табанында. Жігітті тоқтық қосады, тоқтық қоспаса, жоқтық қосады. Аш қадірін тоқ білмес, ауру қадірін сау білмес. Аштың аңы жүрмейді, тоқтың тобасы жүрмейді.* т.б. жатқызуға болады.

13. Көптеген ақпараттық фразеологизмдерден байлықтың, дәулеттіліктің стильдік бояуын айқын көруге болады. Мысалы: Ақ түйенің қарны жарылды – халық тілінде жиі айтылатын, молшылықты білдіретін ақпараттық фразеологизм. *Сол күннен бастап Итбай аулында ақ түйенің қарны жарылды* (С. Мұқанов). Шын мәнінде бұл фразеологизм алғашында аса дәулетті адамдардың өміріндегі ерекше қуанышын қызықтауға байланысты туған. Бұл фразеологизмнің жай сөзбен беретін мағынасы «молшылық, ас та төк» болғанымен, оның стильдік қызметі, эмоционалды – экспрессивтік қызметі өте күшті. І. Кеңесбаев бұл фразеологизмнің мағынасын оның «қарық боп қалды», «ит басына іркіт төгілді» сияқты синонимдерімен берген [67, 27 б.]. Шынында, бұл синонимдерге қарағанда «ақ түйенің қарны жарылды» ерекше жағдайдағы қуанышқа қатысты айтылатын фразеологизм ретінде оның стильдік бояуы келтірілген синонимдерден жоғары.

Қазақ өмірінде түйе малы қай заманда болсын ерекше қадір – қасиетке ие, қазақтың түйеден үлкен, түйеден еті мол басқа малы болмаған. Сол себепті бұл фразеологизмнің құрамындағы «түйе» сөзі және жай түйе емес, «ақ түйе» сөзінің өзі – ақ, оның көркемдік бейнесін арттырып тұр.

Студенттерді қазақ тілінің тіл бірліктері арқылы шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылығын арттыра түсу үшін, сабақта әртүрлі жағдаяттық әдіс – тәсілдерді қолдануға болатындығын зерттеу іс – тәжірибе жұмыстарымыз дәлелдеді. Олар мыналар:

1 – *жағдаят*: оқиғаның, әңгіменінің мазмұнына сай келетін тіл бірліктерін қолдана отырып аяқтау;

*Мысалы*: Қарағаш орта мектебінің ұжымы облыс деңгейіндегі беделді, абыройлы, ұйымшыл білім ордасының бірі болатын. Кенет аталмыш мектепте үлкен даулы мәселелер шыға бастады. Оған себеп жаңа мектеп директорының келуі. Басшы аз уақыт ішінде қарамағындағы мұғалімдерді айтқанына көндіріп, айдағанына жүргізді; ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстады; бір шыбықпен айдады; қамшысын үйіріп отырды; қойдай жусатты; қойдай өргізіп, қозыдай көгендеді; уысынан шығармады; шырк иірді. Сұрақ: мұғалімдер қандай әрекетке барды?

Бұл жағдаятты бір – екі студент былай деп аяқтапты:

1 – студент: Мектептің мұғалімдері жаңа басшының бұл әрекетіне басында түсіністікпен қарағанмен, уақыт өте кеуде көрсетті; кеудеге салды; қара күшке салды; малына құрық, басына сырық ойнатты; төбесіне әңгіртаяқ ойнатты; ішкенін ірің, жегенін желім етті; жүнін сыртына түкситті.

2 – студент: Жаңа басшының бұл әрекеті ұжымды екіге бөлді. Бір топ ешбір қарсылық көрсетпей, айтқанын екі етпеді. Екінші топ керісінше болды. Нәтижесінде мектептің берекесі кетіп, әбден азып – тозып кетті.

2 – *жағдаят*: тілдік құрылымдар негізінде жағдаят жазғызу;

3 – *жағдаят*: кейіпкерлерге тілдік құрылымдарды пайдаланып мінездеме бергізу;

4 – *жағдаят*: тілдік құрылымдар бойынша сурет салғызу, ауызша суреттеу.

Мұндай тапсырмалар студенттердің белсенділігін арттырып, шығармашылық ойлау білімін жетілдіріп, дамытады. Берілген жағдаяттық тапсырмалар бойынша

ауызша екеуара тілдесу, яғни тілдік жағдаятқа түсу. Сұхбаттасу барысында тақырыпты ашу үшін кейіпкердің рөлін сомдауда қажеттілігі бойынша тілдік құралдарды пайдалануына болады. Тапсырманы орындау барысында студент тыңдаушыларға түсінікті болатындай етіп сәлемдесу, тіл қатысу, түсінісу, келісу, өтініш жасау, алғыс айту, қабылдау, келісу, кешірім сұрау, қуаныш, тандану, алғыс – кеңес, қоштасу сияқты тілдік оралымдарды өз сұхбатында жүйелі түрде қолданып сөйлесу керек.

#### Қорытынды

Зерттеу нәтижесін қорытындылай келе мұғалім әрбір сабақты жан – тәнімен беріле оқытуды, студенттердің жанына әсер ететін құндылықтарды қалыптастыруды өзі үшін заң санауы керек. Аталмыш мақала қазақ тілінің практикалық сабақтарында студенттерге тапсырмаларды жағдаяттар арқылы беруде сөйлесім әрекеті дағдыға айналатыны дәлелденеді. Осыған орай Ы. Алтынсариннің: «Өмірге қажетті ауызекі сөйлеу тіліне жаттықпайынша қай – қай тілде болса да, жүйелі сөйлеу мүмкін емес», – дегені жұмысымызды аша түседі.

#### Әдебиет:

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы, 1989. – 318 б.
2. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977. – 771 б.
3. Сыздық Р., Шалабай Б., Әділова А. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. Алматы, 2002. – 202 б.
4. Сыздыкова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV – XIX ғасырлар). Алматы, 1993. – 319 б.

УДК 811.82.415.61

### ЭМОТИВНОЕ СОДЕРЖАНИЕ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ПОРТРЕТА

**Оспанова И.В.**

*(к.ф.н., кафедра русского языка и литературы, СКГУ им. М. Козыбаева,  
г. Петропавловск, irina.ospanova.@72mail.ru)*

**Котова Ю.С.**

*(учитель русского языка и литературы школы – лицея «Дарын»,  
г. Петропавловск, Республика Казахстан)*

#### Аннотация

Эмоциональдық мағыналықтардың семантикасы олардың орындалу формаларына байланысты өзгереді. Фразалық эмоциялық мағыналар жағдайға уақытша реакция ретінде түсіндіріледі. Жалпы мәтіндік эмоциялық мағыналар кейіпкердің өміріндегі басты эмоционалды жағдайды көрсетеді.

**Түйінгі сөздер:** эмоциональдық күй, эмоциональдық өрнектер, мемлекет тақырыбы, психологиялық портрет, мемлекеттік предикат.

#### Аннотация

Семантика эмотивных смыслов варьируется в зависимости от форм их воплощения. Фразовые эмотивные смыслы интерпретируются как временные реакции на ситуацию. Общетекстовые эмотивные смыслы отражают главное в жизни героя произведение эмоциональное состояние

**Ключевые слова:** эмоциональное состояние, эмоциональная экспрессия, субъект состояния, психологический портрет, предикаты состояния.

#### Annotation

The semantics of emotive meanings vary depending on the forms of their embodiment. Phrasal emotive meanings are interpreted as temporary reactions to the situation. The general textual emotive meanings reflect